

# Жамбыл тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



## Тәуелсіздікке 25 жыл!

### Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған іс-шаралар

09.12.2016 ж.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Ұлы Дала Елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі» 25 жұлдызды күн ішінде облыста өткен «Білімді Қазақстан» тақырыбында мұғалімдердің өңірлік форумына колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, әдістемелік кабинет меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова, құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмысының меңгерушісі Р.Б.Үсенов және оқытушылар Д.Т.Тлеуғабылова, А.Т.Көбегенова қатысты.

09.12.2016 ж.

Тараз – Арена спорт кешенінде ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Болашағымыз – бірлікте!» атты облыстық форум өтті. Форумға директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Куанышбекова қатысты.



03.12.2016 ж.

«Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі Жамбыл облыстық филиалы «Көңілді старт -2016» спорттық жарысын бастаушы кәсіподақ ұйымдарының төрайымдары арасында ұйымдастырып, Жамбыл медициналық колледжінен студенттер кәсіподақ төрайымы Б.А. Қырықбаева қатысып, ІІ-ші орынмен марапатталды.

14.12.2016 ж.

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған салтанатты жиналысында Жамбыл медициналық колледж студенттері өз өнерлерін көрсетіп көрермендер алғысына ие болды.

15.12.2016 ж.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай колледж оқытушылары Ұлы Отан соғысының ардагері Колесниченко Галина Петровна қаттықтап, азық-түлік апарды.

10.12.2016 ж.

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Қазақстан студенттерінің Альянсы» РСҚ-ның ұйымдастыруымен «Mister and Miss» облыстық байқауына қатысып ІІ орынды Жамбыл медициналық колледжінің студенттері О.Аяжан 316 топ, Қ.Ермек 201 топ иеленсе, «Жарасымды жұп» номинациясы бойынша Ф.Сүнәтілла 104 топ, О.Теміралиев 108 топ студенттері алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы

09.12.2016 ж.

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Болашағымыз – бірлікте!» атты облыстық форумына Жамбыл медициналық колледжінің студенттері белсене қатысты.



# Жамбыл тынысы

№4 21 желтоқсан 2016 жыл сәрсенбі

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



## Тәуелсіздікке 25 жыл! Бүгінгі нөмерде:

### Тұғырың биік болғай, туған елім!

#### Педагогикалық кеңес

15.12.2016 ж.

Педагогикалық кеңестің екінші отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу жұмысы туралы Тлеубаева М.И.
2. Студенттердің медициналық көмекпен қамтамасыз етілуі және тамақтануының сапасы мен ұйымдастырылуы. Жауапты: Назар, Д.Қ.
3. Қазақ тілі және кәсіби қазақ тілі пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы, қазақ тілін меңгеруде лингафон кабинетін қолдану сапасы.

#### «Ел тілегі ежелден-Тәуелсіздік»

12.12.2016 ж.

Жамбыл медициналық колледжі ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай еліміздің 25 жыл ішінде қол жеткізген жетістіктерін насихаттау және тәуелсіздік туралы студенттердің білімдерін өзектендіру, студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту мақсатында on-line тәртібінде «Ел тілегі ежелден-Тәуелсіздік» атты облыстық ғылыми



Жамбыл медициналық колледжінің ұйымдастырылуымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Ел тілегі ежелден-Тәуелсіздік» тақырыбында өткен облыстық ғылыми – тәжірибелік конференцияға Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы басшысы Т.Ш.Әбілдаев арнайы шақыртылып, конференцияның салтанатты ашылуында сөз сөйледі. Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова барлық конференцияға қатысушыларды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушы студенттерге сәттілік тіледі. Конференция үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілінде өткізді.

#### Құттықтаймыз!



ҚР Президентінің 2016 жылғы 29 қарашадағы Жарлығы бойынша колледж директоры Ж.Н.Сарыбекованы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен марапаттады. Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының басшысы Т.Ш.Әбілдаев медалды облыстық балалар ауруханасында салтанатты түрде тапсырды.

ҚР Тәуелсіздік күні мерекесіне орай азаматтардың денсаулығын сақтау және әлеуметтік даму ісіне қосқан жеке үлесі мен көп жылғы жемісті еңбегі үшін М.И.Тлеубаева Құрмет грамотасымен марапатталды. Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының басшысы Т.Ш.Әбілдаев Құрмет грамотасын облыстық балалар ауруханасында салтанатты түрде тапсырды.



- Педагогикалық кеңес
- Облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция
- Әдістемелік мектеп. Жас оқытушылар мектебінің отырысы
- "Гордое имя твоё - фармацевт!"
- Форумдар
- Колледждегі ашық іс-шаралар
- Құттықтаймыз!
- Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында өткізілген іс-шаралар







# Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



## Тәуелсіздікке 25 жыл!

### Әдістемелік мектеп. Жас оқытушылар мектебінің отырысы.

**Жас мамандарға арналған семинар: Жас мамандарды психологиялық қолдау.**

Күн тәртібінде:

1. Шебер класс: «Жеке тұлға және кәсіби маман.» Оқытушының шеберлігін қалыптастыруға арналған тренингтер жүргізу. *Жауапты: психолог Өскенбаева А. Н*
2. Тест – диагностика құралы. Жас маманға айтылар кеңес. *Жауапты: әдіскер Батаева Л.К.*
3. Топтағы жетекшілік. Топтағы тәрбие жоспарының жүйелі-рөлдік моделі (топ кураторының жұмысының диагностикасы, мақсаттарының жобалануы, ұжым бірлігі мен дамыту жолындағы іс-әрекеті, студенттің тәртіптілігін бағалау шарттары.) Жас маманға тәрбие жұмысы бойынша бағыт бағдар беру.

*Жауапты : кураторлар кеңесінің төрайымы: Джампеисова Н.Е.*

4. «Сабақта тәртіпке қалай қол жеткізуге болады?» тақырыбында пікірлесу
  5. «Менің сүйікті ұстазым» тәлімгердің іс-тәжірибесінен. *Жауапты: Молдабаева М.С.*
- Семинарда колледж психологы А.Н.Өскенбаева түрлі тренингтер өткізді. Әдіскерлер жас мамандардың сабақтарында кездесетін кемшіліктерге тоқталып, кеңестер берді. Кураторлар кеңесінің төрайымы Н.Е.Джампеисова топтағы жетекшілік, топ құжаттары туралы айтты. Өзінің жетекшілік ететін тобының құжаттарын көрсетіп, іс-тәжірибесімен алмасты. Химия пәнінің оқытушысы, тәлімгер М.С.Молдабаева «Педагог – шығармашылық пен өзін-өзі дамытушы тұлға» тақырыбында өз іс-тәжірибесімен алмасты. Панорамалық сабақ көрсетті және өзі қолданып жүрген тиімді әдіс-тәсілдерге тоқталды.



### Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында өткізілген іс-шаралар



21.11.2016.-05.12.2016 ж.  
Ақылы негізде, «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Иммундық алдын алуға мейірбике ісі», «Дәрі егу кабинетіндегі мейірбике қызметінің өзекті аспектілері» атты циклдар өткізді.



28.11.2016.-12.12.2016 ж.  
Бюджет негізде «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Әлеуметтік көмек көрсетудегі мейірбике жұмысы», «Госпитальға дейінгі кезеңдегі дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек» атты циклдар өткізді.

### "Гордое имя твоё - фармацевт!"

09.12.2016 ж.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында "Гордое имя твоё - фармацевт!" тақырыбында фармацевтика саласының провизор-ардагерлері және қоғамдық тұлғаларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуді Жамбыл облысының ардагер-әйелдер кеңесінің төрайымы К.О.Аққулиева ұйымдастырды. Кураторлық тәрбие сағат бөлім меңгерушісі Ж.Б.Мырзагулованың жетекшілігімен "Фармация" мамандығының 230 топ кураторы Р.Т.Нурбаева және 231 топ кураторы С.Ш.Қуппанова өткізді. Мақсаты: студенттердің тандалған мамандыққа деген махаббатын және сый құрметін ояту, патриоттық сезімді және ұлтаралық келісімді нығайту. Еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістігін паш ете отырып, ұрпақтардың сабақтастығы тәрбиесін қалыптастыру. Жамбыл медициналық колледжінің директоры Сарыбекова Ж.Н. құттықтау сөз сөйледі. "Фармация" бөлімінің II, III және IV курс студенттері фармацевтика саласының даму тарихы, фармацевтикалық нарықтың ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығындағы жетістіктері жөнінде білімдерін дамытты. Шақырылған қонақтар: К.А.Ахметова, Т.А.Аширбаева, А.С.Алишеров, М.У.Саурыков, Ж.А.Саурыкова, Ж.Сергеева, Т.П.Дорн және Л.В.Пак Жамбыл медициналық колледжі негізінде орта фармацевтикалық білімді мамандар дайындау жұмысымен танысты. Кездесу жоғары деңгейде өтіп, тәрбиелік мақсатына жетті.



# Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



## Тәуелсіздікке 25 жыл!

### Ашық сабақтар және ашық тәрбие сағаттары



06.12.2016 ж.

Ағылшын тілі пәні оқытушысы Ж.С. Алибаева «Медбикелік іс» бөлімі, 204 топта кәсіби ағылшын тілі пәні бойынша «Diet and fatness. Interrogative sentences» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: ұтымды тамақтану және семіздік тақырыбына байланысты білім және біліктілік дағдыларын қалыптастыру, жаңа сөздермен таныстырып, сөздік қорларын толықтыру, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру, студенттердің оқу сапасы мен пәнге деген қызығушылығын арттыру, сонымен қатар әр жеткіншектің іскерлігін, ізденімпаздығын байқау, есте сақтау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік беру. Ашық сабақ өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.

09.12.2016 ж.

Б.А.Қырықбаева «Мейіргер ісі» 105 топта ағылшын тілі пәнінен «Art of Kazakhstan. Degrees of comparison of Adjectives» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Қазақстандағы өнер, соның ішінде музей туралы мәлімет беріп, сын есім шырайларының жасалуын түсіндіріп, білімдерін жетілдіру. Жаңа сөздерді дұрыс жазуға, айтуға үйретіп, сөздік қорын толықтыру. Алған білімдерін пайдаланып, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру. Ашық сабақ өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.



09.12.2016 ж.

«Мейірбике ісі» бөлімі 206 топта «Имя прилагательное. Питание при воспалении поджелудочной железы» тақырыбында орыс тілі пәнінің оқытушысы Л.К.Мейрманова ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттердің сын есім туралы білімдерін жүйелеу, нақтылау, қорытындылау. Студенттердің іскерлігін, ізденімпаздығын байқау, лексикалық мәтін арқылы олардың сөздік қорын кеңейту. Ашық сабақ өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.

14.12.2016 ж.

«Мейірбике ісі» бөлімі 208 топта «Местоимение. Первая помощь пострадавшему» тақырыбында орыс тілі пәнінің оқытушысы А.О. Бейсенбаева ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге есімдіктің түрлерін ажырата білуге, салыстырмалы түрде жүйелеп қорытындылау. Орыс тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Өз бетінше жұмыс жасауға үйрету. Студенттерді өзін-өзі құрметтеуге тәрбиелеу, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру. Ашық сабақ өз мақсатына жетті.



13.12.2016 ж.

«Медбикелік іс» бөлімі 204 топпен «Тәуелсіз елім, тұғырың сенің биікте» тақырыбында топ кураторы А.С.Қудайбергенова бөлімшілік ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері арқылы студенттерді ұлтжандылыққа, атамекенін көзінің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Ашық тәрбие сағаты өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.



15.12.2016 ж.

«Мейіргер ісі» бөлімі 102 топ студенттерімен Д.А. Рысқұлбекова «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» тақырыбында ЦӘКішілік ашық тәрбие сағатын өткізді. Ашық тәрбие сағатының мақсаты: Қазақстан Республикасының 25 жылдық тарихына шолу жасай отырып, студенттердің өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру, еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру, қазақ халқының ерлігін, даналығын паш ету. Ашық тәрбие сағаты өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.



14.12.2016 ж.

Тарих пәнінің оқытушысы Ш.Е.Ашимова «Емдеу ісі» бөлімінің 2 курс студенттері арасында «Знатоки истории родного края» тақырыбында байқау өткізді. Мақсаты: студенттердің Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің жетістіктерін мақтаныш ету сезімдерін және Отанға деген патриоттық рухтарын ояту. Еліміздің өткені мен бүгінгі тарихы туралы білімдерін жетілдіру. Байқау жақсы деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.





# Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

## Құттықтаймыз!

Білім саласындағы үздік жетістігі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының дамуына қосқан салмақты үлесі үшін Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Ұлттық бизнес рейтингі бойынша 2015 жылдың білім саласындағы көшбасшысы Ұлттық Сертификатын иеленді.



Жоғары кәсіби және әдістемелік деңгейі, студенттермен өзара қатынастың тиімділігі үшін, белсенді өмірлік ұстанымды азаматтарды тәрбиелеудегі үлесі үшін Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әдістемелік кабинет меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова, циклдық әдістемелік комиссия төрайымы Б.А.Сағындықова, қазақ тілі пәнінің оқытушысы Д.М.Жүнісова Ұлттық бизнес рейтингі бойынша 2015 жылдың маманы Ұлттық Сертификатына ие болды.



Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры Жамиля Нұрғалиқызы Сарыбекова «Білімнің дамуына қосқан үлесі» медалымен және Ұлттық бизнес рейтингі бойынша «Жыл маманы» орденімен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл медициналық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова Ұлттық бизнес рейтингі бойынша «Айрықша жетістіктері» медалімен марапатталды.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Мәңгілік Елдің мәртебелі мұғалімі» жобасына сапалы білім, саналы тәрбие берудегі озық іс – тәжірибесін ұсынып, ұстаздық шеберлігін, біліктілігін жоғары дәрежеде танытқаны үшін Жамбыл медициналық колледжінің 25 оқытушысы «Мәңгілік Елдің мәртебелі мұғалімі» медалімен марапатталды.

1. Сарыбекова Ж.Н.- директор
2. Қуанышбекова Л.Т.- дир. орынб.
3. Андақұлова Қ.Т.- дир. орынб.
4. Иманбекова Ж.Б.- әдістемелік кабинет меңг.
5. Усенов Р.Б. - тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі
6. Мырзагулова Ж.Б.- бөлім меңгерушісі
7. Шужеева Ж.Л.- оқу бөлімі меңгерушісі
8. Қалымбетова Ж.Б. - бөлім меңг.
9. Батаева Л.К.- методист
10. Тұрмысова Ф.Д.- меңгерушісі

11. Ескебекова З.С. - методист
12. Исмаилова А.Е.- меңгерушісі
13. Мадимарова Ә.Т. - ЦӘК төр.
14. Тұрсынбаева Р.К. - ЦӘК төр.
15. Ахметова Ұ.М.- ЦӘК төр.
16. Жантохова Г.Н. - ЦӘК төр.
17. Айдралиева А.Б. - ЦӘК төр.
18. Сарыбаева Г.К.- оқытушы
19. Мураталиева Н.М. - оқытушы
20. Надиров А.М. - оқытушы
21. Ибраев Ж.Ш. - оқытушы
22. Махамбетова Н.Т. - оқытушы
23. Джунисова Д. - оқытушы
24. Сыздықова Г. - оқытушы
25. Токсанбаева Д.- оқытушы

# Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

<p>ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай азаматтардың денсаулығын сақтау және әлеуметтік даму ісіне қосқан жеке үлесі мен көп жылғы жемісті еңбегі үшін директордың біліктілікті арттыру жұмысы бойынша орынбасары М.И.Тлеубаева Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.</p>	<p>ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қазақстан халқының өмірі мен денсаулығын сақтауға сіңірген абыройлы еңбегі үшін директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары К.Т.Андакулова, директордың біліктілікті арттыру жұмысы бойынша орынбасары М.И.Тлеубаева, бөлім меңгерушісі Б.С.Мадимарова "Алтын дәрігер" медалімен марапатталды.</p>
<p>ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай облыстың денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы атқарған ерен еңбегі және ұжымның қоғамдық өміріне белсенді атсалысқаны үшін бөлім меңгерушісі А.М.Мадибраймова Құрмет грамотасымен марапатталды.</p>	<p>ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Нұр Отан» партиясының бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға қосқан қомақты үлесі үшін оқытушы Л.К.Мейрманова Құрмет грамотасымен марапатталды.</p>
<p>ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай облыстың денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы атқарған ерен еңбегі және ұжымның қоғамдық өміріне белсенді атсалысқаны үшін оқытушы О.А.Махамбетова Құрмет грамотасымен марапатталды.</p>	<p>ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қазақстан халқының өмірі мен денсаулығын сақтауға сіңірген абыройлы еңбегі үшін оқытушы О.А.Махамбетова "Мейірім" медалімен марапатталды.</p>
<p>Оқытушы Ә.Қ.Дәнебаеваның жетекшілігімен «ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы: бүгінгі мен жарқын болашағы» атты облыстық ғылыми – теориялық конференцияда жасаған мазмұнды баяндамасы үшін «Емдеу ісі» бөлімі 222 топ студенті Ә.Тұрысбек І дәрежелі дипломмен марапатталды.</p>	<p>Колледж психологы Ә.Н.Өскенбаеваның жетекшілігімен «ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы: бүгінгі мен жарқын болашағы» атты облыстық ғылыми – теориялық конференцияда жасаған мазмұнды баяндамасы үшін «Мейіргер ісі» бөлімі 108 топ студенті О.Темірәлиев ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.</p>
<p>Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинеті ұйымдастырған «Тәуелсіздік – аңсаған арман, қол жеткен мұрат!» тақырыбындағы облыстық дөңгелек үстелге белсене қатысқаны үшін Қырықбаева Балжан Әшібекқызына сертификат берілсе, Үсенов Рахат Бәкенұлы алғыс хатпен марапатталды.</p>	<p>Оқытушы Ә.Т.Мәдімарованың жетекшілігімен 105 топ студенті Ш. Зыхия ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесіне орай Тараз Парасат колледжінде «Тіл мерейі - ел мерейі» атты қалалық колледж студенттері арасында өткен жас ақындар мұшәйрасында ІІІ орын иеленді.</p>
<p>А.А.Құдайбергенова жетекшілігімен ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – басты тұғырымыз» атты республикалық ғылыми – тәжірибелік конференциясына қатысқаны үшін «Медбикелік ісі» бөлімі 204 топ студенті Н.Қ.Елубай марапатталды.</p>	<p>«Тәуелсіздік – аңсаған арман, қол жеткен мұрат» тақырыбында облыстық дөңгелек үстелдің нәтижелі өтуіне қосқан үлесі үшін колледждің тәрбие, құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмысының меңгерушісі Р.Б.Үсенов алғыс хатпен марапатталды.</p>
<p>«ZIAT» Ғылыми – әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен VII Республикалық «Ғылым шарайнасы» атты ғылыми жұмыстар сайысында студенті жоғары жетістікке қол жеткізіп, жүлдегер атанғаны үшін А.Н. Өскенбаева дипломмен марапатталды.</p>	<p>Республикалық «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығында өткен «Үздік ашық сабақ» атты республикалық оқытушылар сайысына колледж әдіскері Ш.Т. Маманова қатысып, ІІІ орынды иеленіп, дипломмен марапатталды.</p>